



Молдакаримов Кәркен (Гарифолла)

Каркен Молдакәрімұлы 1929 жылы Галкин ауданы Бөрібай ауылында туған. 1950 жылы Қызыл-қоғам орта мектебін бітіріп Қазақтың Мемлекеттік университетіне оқуға түскен.

Оқуды бітіргеннен кейін Лебяжі орта мектебінде бір жыл мұғалім болып істегеннен кейін, Шарбақты жетіжылдық мектебіне директор болып ауыстырылды.

Содан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Шарбақты орта мектебінде директор, мұғалім болып істеді. Мұғалімдік қызметіне қоса жастарға спорттық тәрбие беруге көп көңіл бөлетін. Шахмат үйренушілер тобын ашатын, стол-теннис ойынын үйрететін. Өзі де аудандық, облыстық шахматистердің, стол-теннисінің жарыстарына қатысып жүлделі орын алып жүрді. Аталған спорт түрлерінен 1-разрядтары бар. 2002 жылдың 5 желтоқсанында мәңгілік сапарға аттанды.